

"Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді тұтынуға берілетін бір жолғы тұрғын үй көмегін көрсету тәртібін бекіту туралы" Меркі аудандық мәслихатының 2008 жылғы 26 наурыздағы № 7-19 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Меркі аудандық мәслихатының 2010 жылғы 02 тамыздағы N 37-5 Шешімі. Жамбыл облысы Меркі ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 3 қыркүйекте 84 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Меркі ауданы мәслихатының 2011 жылғы 29 наурыздағы № 42-7 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Меркі ауданы мәслихатының 2011 жылғы 29 наурыздағы № 42-7 Шешімімен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 6-бабына және Меркі аудандық Әділет басқармасының 2010 жылғы 21 шілдедегі №4-1658 «Занды бұзуды жою туралы» ұсынымына сәйкес аудандық мәслихат

ШЕШІМ

ЕТТИ:

1. «Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді тұтынуға берілетін бір жолғы тұрғын үй көмегін көрсету тәртібін бекіту туралы» Меркі аудандық мәслихатының 2008 жылғы 26 наурыздағы №7-19 шешіміне (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6-6-54 болып тіркелген, 2008 жылғы 07 мамырдағы №56 «Меркі тынысы» газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

Аталған Шешімімен бекітілген Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді тұтынуға берілетін бір жолғы тұрғын үй көмегін көрсету тәртібінің 5 тармағында «екінші деңгейдегі банк немесе пошта бөлімінде жүзеге асырылады» деген сөздері «екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылады» деген сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы Шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат

сессиясының төрайымы

F.Қажығалиева

Аудандық мәслихат

хатшысы

T.Олжабай

Меркі

2010

№37-5 Шешіміне қосымша

аудандық

жылғы

2

мәслихаттың

тамыздары

Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді тұтынуға берілетін бір жолғы тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі

Осы тәртіп Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97 бабы 2 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы №2314 бекітілген «тұрғын үй көмегін көрсету ережесі» негізінде аудандағы табысы аз отбасыларына коммуналдық қызметтерді тұтынуға берілетін бір жолғы материалдық көмек көрсетуді белгілейді.

1. Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді тұтынуға берілетін бір жолғы тұрғын үй көмегі «Меркі аудандық әкімиятының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі арқылы ауыл, кент Әкімдері жаңынан құрылған мемлекеттік атаулы көмекті және он сегіз жасқа дейін балаларға ай сайын тағайындалып төленетін мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау участекілік комиссиялар (одан әрі участекілік комиссиялар) қорытындысы бойынша төленеді.

2. Тұрғын үй көмегі сол жерде тұрақты тұратын және тұрғын жайдың меншік иесі немесе жалдаушысы (жалгерлері) болып табылатын адамдарға жергілікті бюджеттер қарожаты есебінен беріледі.

3. Меркі ауданы әкімиятының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі, ауыл кент Әкімдері жаңынан құрылған участекілік комиссиялардың қорытындысымен бірге ұсынылған тізім және отбасылардың өтініші бойынша «Меркі ауданы әкімиятының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қаржы бөлу жөнінде сұраныс дайындайды.

4. Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді тұтынуға берілетін бір жолғы тұрғын үй көмегінің мөлшері әр отбасына 15 еселенген айлық есептік көрсеткіш көлемінде жылына бір рет көрсетіледі.

5. Коммуналдық қызметтерді тұтынуға берілетін бір жолғы материалдық көмекті төлеу екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылады